Г.Колоколовтың ұстанған көзқарасы мысал бола алады, яғни айдап салушылықтың тәсілі ретінде тұлғаға қылмыстық әрекетті жасауға жол бермегенсінү де жатады. А.Жиряевтің пікірінше айдап салушылықтың тәсілдері ретінде: өтіну, бұйрық ету, күш қолдану және қорқыту, сұрау, кеңес беру және т.б. көрсеткен. Шайкевич келесі тәсілдерді көрсеткен: "мәжбүрлеу, бұйыру, қызықтыру, өтіну, жалыну, көзін жеткізу, сөз беру, сатып алу, оның осал жақтарын тауып, оған қарсы қолдану және т.б." [4,131].

М.И. Ковалев айдап салушылықтың тәсілдері ретінде: сатып алу, өтіну, тапсыру, көндіру, бұйыру, күш көрсету, алдауды ұсынады. П.Ф.Тельнов М.А.Шнайдердің көзқарасын қолдап, көндіруге - өтіну, ұсыныс жасауды, сатып алуды, ал мәжбүр етуге - бұйыру, қорқыту, күш көрсетуді жатқызады. В.С.Прохоров айдап салушылық кезінде әсер ету тәсілдерін әртүрлі деп есептейді де, сатып алу, қорқыту, өтіну және т.б. көрсетеді.

Бірақ, біздің көзқарасымыз бойынша, айдап салушылықтың тәсілдерінің нақты тізімін құрып, жүйелендіруге болады. Біріншіден, ол әсер ету тәсілдері бойынша топтастырылған және көндіру

мен мәжбүрлеу тәсілдерін жеке алып қарастырған. Олар бір-бірінен айдап салынушыға айдап салынушының әсер етуі бойынша ерекшеленеді: көндіру кезінде ол жасырын қолданылады, ал мәжбүрлеу кезінде алдыңғы орынға айдап салынушының санасына әсер етуі және еркінде деформацияның болуы анық көрінеді.

Екіншіден, алдау мен бұйыруды бір топтағы тәсілдер ретінде қарастыруға болмайды, себебі алдау кезінде айдап салынушының санасында ешқандай деформация болмайды, ол өзіне белгілі бір материалдық немесе моральдық пайданы көздейді, ал бұйыру кезінде керісінше, айдап салынушының еріктілік аспектісіне әсер тиеді, бұйрықты белгілі бір жағдайларда орындату мәжбүрлеуге теңестіріледі де, қылмысты қоса орындаушылық фактісін жоққа шығаратын жағдай болып кетеді.

Үшіншіден, мәжбүрлеу тәсілдердің құрамынан басты сипаттағы үш элементті алып қарауға болады:

- 1) физикалық немесе мүліктік зиян келтіру арқылы мәжбүрлеу;
- 2) күш көрсету немесе мүліктік зиян келтірумен қорқыту арқылы мәжбүрлеу;
- 3) зиян келтіру немесе қорқыту жасырын түрде кездесетін жағдайдағы бұйыру немесе басшылық ету арқылы мәжбүрлеу.

Айдап салушылықтың басым бөлігін көндіру құрағандықтан, "іс жүзінде күш көрсету арқылы басқа адамның санасы мен еркіне әсер ету - айдап салынушының арасында өзара жағымды қатынас қалыптаспайды, ал ол қылмыстық әрекетті бірігіп орындау фактісіне жауап бермейді". Мәжбүрлеу әдістерін айдап салушылықтың шеңберінен алып тастауға болмайды да, себебі олар көндіруді қалыптастыратын әдістерден едәуір қауіпті.

Төртіншіден, олар көндіруді құрайтын тәсілдердің нақты сипатын қалыптастыра алады. Оларды шексіз әртүрлі болады деп келісу қиындықтар туғызады. Г. Колоколовтың: "айдап салушылық үшін белгілі бір жағдайда қажетті тәсіл бола алмайтын әсер етудің түрі болмайды" деген пікіріне сенуге болады, бірақ жоғарыда көрсетіліп кеткен көзқарастар айдап салушылықтың тәсілдерінің бір ғана шеңберінен шыққан. Бұл кездейсоқтық па әлде басқа ма? Ал егер бұл факторлардың барлығын формальдық логика ережелеріне сәйкес ортақтастырып - тәсілдерді топтық және түрлік санаттарға бөліп қарастырса (мысалы, көндіру мен мәжбүрлеу топтық санаттар, ал олардың құрамдарына түрлік санаттағылар енгізіледі), оларды жеке-жеке ерекшелеуге болады.

Алғашқысы кейінгісіне қарағанда қауіпті, бірақ мәжбүрлеу кезінде айдап салушының қоғамға қауіптілік деңгейі көндіру кезіндегіге қарағанда әлдеқайда төмен. Себебі мәжбүрлеу кезінде айдап салушы айдап салынушының еркін сындыру үшін қандайда болмасын әдістер қолданады (тіпті күш көрсету арқылы), ал айдап салынушы дәл осы әдістердің әсер етуінен қылмысқа барады. Тіпті итермеленген тұлға әрекетті кінәсіз жасауы да мүмкін (міндетті бұйрықты орындау, егер ол көрінеу қылмыстық сипатта болмаса; айдап салынушы әрекетті аса қажеттілік жағдайында жасаса), бұл жағдайда айдап салушының өзі адамды қылмыс құралы ретінде пайдаланушы

орындаушыға айналады. Айдап салушылықтың екінші тәсілінің қоғамға қауіптілік деңгейі төмен де, айдап салынушының қоғамдық қауіптілігі жоғары деңгейде болады.

Белгілі бір түрге жатқызу деңгейінде біз көндіру мен мәжбүрлеуді дифференциялаймыз. Мәжбүрлеуге міндетті түрде күш көрсетуді, психикалық қысым жасауды, талап етуді (бұйыру, тапсыру) жатқызу керек. Күш көрсету ұғымы - күш қолдану арқылы басқа біреудің денсаулығына зиян келтіру (ауыр, ауырлығы орташа, жеңіл дәрежелі, ұрып-соғудан қалған іздер) дегенді білдіреді. Айдап салынушының өзіне күш көрсетіп қана емес, сонымен қатар оның туыстары мен жақындарының мүліктерін жоюға немесе бұлдіруге бағытталған әрекеттерді де жатқызу керек. Мысалы, АҚШ-тың ҚК-нде қолдануға оқталуды да жатқызған, бірақ біздің көзқарасымызша бұл жағдайда психикалық қысым көрсетуге жатқызылатын күш көрсету қауіпін тудыратын қорқыту ғана бар.

Психикалық қысым көрсету - айдап салынушы қылмыс жасаудан бас тартқан жағдайда оған қатысты қолданылатын күш көрсету қауіпін тудыратын қорқытуды білдіреді. Қорқыту - айдап салынушыға ауызша, жазбаша, іс-қимылмен, мимикамен және нақты күш көрсетумен жүзеге асырылуы мүмкін. Кейінгі әрекетті жүзеге асыруды психикалық қысым көрсетуге жатқызудың негізгі себебі, ол - айдап салынушы өзіне қарсы күш қолданудан қорыққандықтан ғана қылмыс жасайды.

Талап ету тәсіліне байланысты айдап салынушы айдап салушыға қызмет бабы бойынша (әскери, жанұялық, жыныстық) тәуелді болады. Осы жағдайлар талап етуді көлемі жағынан өте кең тәсіл ретінде тануға өз септігін тигізеді, оған - әр түрлі сипаттағы және деңгейдегі әсер ету тәсілдері жатқызылады.

Бізге мұндай тәсілдердің екі түрі белгілі: бұйрық және тапсыру. Бұл екі әдістерді қолдану кезінде айдап салушы айдап салынушының еркіне әртүрлі дәрежеде әсер етеді, бұйрық кезінде - қатаң, жоғары дәрежеде, ал тапсырыс кезінде - жеңіл, төмен дәрежеде әсерін тигізеді. Осыған сәйкес ҚР ҚК-нде "Бұйрықты немесе өкімді орындау" туралы 37-бабының болуы жайдан-жай емес. Оған сәйкес бұйрықты немесе өкімді орындау арқылы қылмыс жасаған адамның әрекетінен қылмыстылығы жоққа шығарылады. Осы 37-бапқа сәйкес, бұйрықпен қоса өкімді орындату да көзделгенін ескере кету керек және мұнда заң шығарушының "немесе" деген шылауды қолдануы да өзіндік мәнге ие, яғни бұл екі тәсіл айдап салушылықты жүзеге асыру үшін қолданылатын өз алдына жеке-жеке фактор ретінде қарастырылған. Бірақ, бұл екі ұғымды бір-бірінен даралап қарастыруға болмайды. Тіпті С.И.Ожеговтың өзі үкімді бұйрық ретінде анықтайды [5].

Кейінгі жаңа әдебиеттерде бұйрық өкіммен ауыстырылып қолданыла береді. Айдап салушының айдап салынатын тұлғаны міндеттеуі, ал айдап салынушының сол міндетті өзіне алуы - бұйрық етудің басты белгісі болып табылады. Егер айдап салушы айдап салынушы ретінде танылатын тұлғаға ешбір міндеттемені жүктемей белгілі бір қылмыстық әрекетті орындатса, ол - тапсырысты сипаттайды. Тұлғаны қылмысқа итермелейтіндей әсер етудің нысаны мен дәрежесі (бұйыру, тапсыру)

бір-бірімен тығыз байланысты. Ол байланыс айдап салынушының қабылдау дәрежесінен және оның бағыну сипатынан көрінеді (біреуі - тек бұйрық ретінде қабылдаса, екіншісі - тапсырыс ретінде қабылдайды).

Нұсқау беру мен мәжбүрлеу (Нью-Йорк штатының ҚК) және қызмет жағдайын теріс пиғылда пайдалану (Францияның ҚК) айдап салушылықтың өз алдына жеке тәсілі бола алмайды. Себебі, нұсқау беру айдап салушылықтың тәсілі емес, ол тек сол әрекетті тиімді әрі дұрыс орындауға жол көрсету (мысалы, бұйрық - айдап салушылықтың тәсілі, ал нұсқау - сол бұйрықты тиімді орындауға жөн көрсету).

С.И.Ожегов нұсқауға - "қалай әрекет етуге үйрету, түсіндіру" деген анықтаманы босқа бермеген. Мәжбүрлеу ұғымы "бір нәрсеге қол жеткізуге бағытталған тырысу", яғни ол тұлғаны көндіру сипатындағы айдап салушылықтың тәсілі ретінде танылмайды себебі, бұған сәйкес тұлғалардың арасындағы бір-біріне деген қызметтік бағыныштылық орын алады.

Біздің көзқарас бойынша адамды қылмыс жасауға көндіруге кеңес беру, өтіну, құндылықтармен қамтамасыз етуге сөз беру (сатып алу, жыныстық байланыс, қызмет салынушы мүддесіне қызығушылық танытып, оған шын немесе жалған көмектескенсіп оған тапсырылған жағдай бойынша бағыт көрсету, үйрету. Өтіну - бұл бір тұлғаның "өз қажеттілігін қанағаттандыру мақсатын көздей отырып, сол қажеттілікті қанағаттандыруды басқа біреуден сұрау". Кеңес беру мен өтірудің арасындағы айырмашылық мүдделі қызығушылық танытатын субъектіде: кеңес беруде - айдап салынушы, өтінуде - айдап салушы мүдделі, құндылықтармен қамтамасыз етуге сөз беру - айдап салушының айдап салынушыға оның қылмыс жасағаны үшін қандайда болмасын құндылықтар беруге өз еркімен міндеттенуі. Айдап салушылықтың бұл түрінде екі жақтың да мүддесі көзделеді.

Қылмыстық құқық заңдары мен теориясындағы көрсетілген басқа да тәсілдер біздің көзқарасымызша өз алдына дара жеке тәсілдер ретінде бола алмайды және олар жоғарыда көрсетіліп кеткен тәсілдердің көшірмесі ретінде танылады, немесе олардың элементтері болады, немесе солардың топтарының ішіне кіреді. Кейбір авторлардың еңбектеріндегі тарту, көндіру ұқсас ұғымдар болып табылады, олардың мәні айдап салушылықтың қандай да болмасын тәсілінің әсер ету ұзақтылығынан көрініс табады - бұл, кеңес кезінде көндіру, өтіну кезінде көндіру, құндылықтармен қамтамасыз етуге сөз беру кезінде көндіру.

Адамды қылмыс жасауға итермелеу тәсілдері өз әсерін тигізу сипаты бойынша ұзақ уақытты немесе қысқа уақытты болып бөлінеді. Кейбір тәсілдер қысқа уақытта әсер етеді (мысалы, сатып алу), ал кейбір тәсілдер адамды қылмыс жасауға итермелеу үшін ұзақ талап етеді (мысалы, кеңестер беру, өтініш білдіру, Ф.Г.Бурчак мынадай мысал келтірді, айдап салушы кісі екі ай бойы жүйелі түрде көндірген) [3,207]. М.И.Ковалевтің айтуынша: "Көндіру - өз мәні бойынша қылмыс жасауға өтіну, бірақ ол бірнеше рет қайталана беріп тұратын түрдегі сипатқа ие". Егер көндіру өтінуге ұқсас

болса, онда М.И.Ковалев неліктен көндіруді айдап салудың өз алдында дербес тәсілі ретінде қарастырған. Адамға ешбір күш көрсетусіз-ақ та, оны қылмыс жасауға итермелеп, осы қылмыстың болуы аса уапат екеніне көзін жеткізуге болады.

Мұнда айдап салудың күш қолданылмайтын барлық тәсілдері қолданылады. Алдау - бұл адамға әсер етудің ерекше тәсілі емес, тек қана сол кезде қолданылып отырған тәсілге қатысты жалғандықпен, өтірікпен сипатталатын тәсіл, мысалы: материалдық құндықтар беремін деп алдау. М.И.Ковалевтың пікірінше алдау - сирек жағдайларда айдап салудың тәсілі болып табылады. Бұл пікір қолдаусыз қалуы хақ. Себебі, біріншіден автордың өзі алдауға анализ жасау барысында жасырын айдап салушылықтың болуы мүмкіндігін көрсеткен, ал бұл айдап салушылықтың бесінші белгісіне қайшы, яғни тілекей ниетті нақты бір қылмысқа итермелеу.

Айдап салушылықтың басқа тәсілдерін қолданбай алдау арқылы қылмысқа итермелеу мүмкін емес. Мақұлдау да айдап салудың дербес тәсілі ретінде танудың қажеті жоқ, бірақ қылмыстық құқық теориясында кейбір басқа көзқарастар бар. Мысалы: М.И.Ковалев М.А.Шнайдердің пікірімен келіседі де оны әрі қарай жалғастырады. Оның пікірінше: "Мақұлдау - таза интеллектуалдық тұрғыда қарастырсақ қылмысқа көмектесуді сипаттайды. Екінші бір жағдай бұл - орындаушыға оның жасаған қылмысын қайталауын мақұлдау. Бұл таза күйдегі айдап салушылық". Сондықтан мақұлдау қандай сипатта болмасын айдап салушылық ретінде бола алмайды.

Жоғарыдағылардың барлығын қорытындылай келе айдап салушы - бұл басқа адамды физикалық күш қолданып немесе психикалық қысым келтіріп, немесе талап ету (бұйыру, тапсыру) немесе кеңес беру, өтіну, құндылықтар беремін деп сөз беру (сатып алу, жыныстық байланыс, қызметі бойынша көтерілу. т.б.) жолымен қылмыс жасауға көндірген адам. Қылмысқа итермелеу тәсілдерінің нақты тізімі көрсетілген осы анықтаманы заңда бекітуге болады. Айдап салушылыққа анықтама беру барысында оның атқаратын қызметі бойынша ұйымдастырушыға ұқсас екенін ескере кету керек. Бұл туралы толығырақ Ф.Г.Бурчак қарастырған. М.И.Ковалев былай деп жазған: "Ұйымдастырушы басқа адамдарды тек азғырып қана қоймайды...", ал А.М.Щаргородцевтың пікірінше "қылмысты ұйымдастыру - басқа бір тұлғаны немесе бірнеше тұлғаларды қылмыс жасауға азғыру, итермелеу" [6,72].

Я.М.Мазунин де дәл осылай айтады: "...Ұйымдастырушы интеллектуалды тұрғыда айдап салушының функцияларын да тар көлемде жүзеге асырады". Орындаушы айдап салушының функцияларын да жүзеге асырады деген пікірді біз де қолдар едік. Бірақ, бұл пікір қылмысты саралаудың жалпы ережелеріне қайшы келеді және де қылмысқа қатысушылардың ішіндегі ең қауіпті осы екі тұлғаның айырмашылығын анықтауда қиыншылықтар туғызады. Дәл осы себептен біз айдап салушының функциялары ұйымдастырушы әрқашан қылмыс жасауға әзір тұлғалармен, соның ішінде айдап салушымен де жұмыс жасайды. Оларға бағыт көрсетіп, олардың іс-әрекеттерін жоспарлайды. Ал айдап салушы басқа тұлғаларды тек қылмыс жасауға ғана итермелейді, азғырады

[7,85].

Айдап салушылық кезінде мәселе қылмыс жасауға көндіру туралы болғандықтан, кейінгісі, яғни орындаушы қоғамға қауіпті әрекетті іс жүзінде жүзеге асыратын қандай да болмасын қылмысқа қатысушы ретінде танылады. Айдап салушы орындаушыны да, ұйымдастырушыны да, көмектесушіні де, тіпті басқа айдап салушыны да олардың әрекеттеріне, мінез-құлқына қарап "жасайды".

Мұның барлығы: біріншіден, қылмыскерлікпен күрестің жалпы ұйымдастырылуын жетілдірудің (мысалы, тек заң жобаларын ғана емес, әлеуметтік-экономикалық қайта құру жобаларын да криминалогиялық сараптау), екіншіден, ұйымдасқан қылмыскерлікпен күресте жалпы алдын алудың, себебі онда қоғамды мүлде бүлдіретіндей қабілет бар, үтпінтісін, көпті арнайы алдын алу бағдарламаларын енгізудің, төртінші, жоғары білікті, құқық қорғау қызметін қамтамасыз етудің қажеттігін көрсетеді. Әрине, заң шегінде.

Қоғамды, мемлекетті түбірімен жалпы сауықтырмайынша арнайы заңдар қабылдау істің жайын өзгерте алмайды. Дегенмен, ондай заңдарды қабылдау да қажет. Заңдарда бастапқы ұғымдар анықталады және ұйымдасқан қылмыскерлікпен өзара байланыста болып келе жатқан аса қауіпті, құбылыстарға кешенді шабуыл жасаудың құқықтық негізі қаланады. Сондықтан да салалық заңнама

ұйымдасқан қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен терроризммен, қылмыстық табысты заңдастырумен (жуып-шаюмен) күрес туралы кешенді заңдармен толықтырылуы керек.

Ұйымдасқан қылмыскерлікпен күрестің жүйесін құру қажет. Күрес субъектісі, сөзсіз, барлық қоғам: мемлекет, азаматтық қоғамның мемлекеттік емес институттары, заңды және жеке тұлғалар болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі.- Юрист, 2012.
- 2 П.Ф.Тельнов "Ответственность за соучастие в преступлении". М., 2003г.
- 3 П.Ф.Тельнов "Кто отвечает за соучастие в преступлении?" "Государство и право", 2004, №6 - 56с.
- 4 Иванов Н.Г. Понятие и формы соучастия в советском уголовном праве - Саратов: Изд-во Саратов. Ун-та, 1991 - 128с., 131с.,
- 5 Бурчак Ф.Г. Соучастие: социальные, криминологические и правовые проблемы. Киев: Выш.Шк., 2000 -182с., 205с., 207с., 212с., 214с.,
- 6 С.И. Ожегов "Словарь русского языка" М., 2004г.
- 7 Шаргородцев А.М. Ответственность организаторов преступлений . - Омск, 2001. - С. 72.

ӨОК:343.2

БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖЫНЫСТЫҚ СИПАТТАҒЫ ЗОРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байкенижина К.А., з.ғ.к.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қаласы

Кез келген мемлекет өмірдің барлық қоғамдық салаларында, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарда қатаң тәртіп пен сақтықты орнатуға мүдделі. Онсыз қоғамның бірқалапты дамуы, экономиканың, мәдениеттің, игіліктің көтерілуі және халықтың қауіпсіздігінің артуы мүмкін емес.

Сонымен қатар, біз болашақ ұрпақ алдындағы жоғары жауапкершілікті сезінуіміз керек, ал болашақ ұрпақ - ол бүгінгі балалар, елдің ертеңі - жастар.

Бала біздің болашағымыз, болашақ рухани байлығы мол, халықтық тәлім тәрбие көрген, білімді, әдепті, болашаққа деген сенімі мол балаларды тәрбиелеу азаматтық қоғамның басты міндеті. Дегенмен де қазақстанда балалар, бүкіл әлемдегідей, үйінде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде күнделікті қатыгездікпен және зорлық - зомбылықпен ұшырасып отырады, алайда осы кезге дейін қоғам бұл проблеманы толық шешуге зейін қойып көрген жоқ. Әсіресе, балаларға қатысты жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық жасаушылардың көбеюі қоғам алаңдаушылығын туғызып, осыған байланысты елімізде қатаң заң қабылдау қажеттілігін туғызып отыр.

Жыл басынан бері ел соттарына 87 қылмыстық іс түсіп, соның 36- на үкім шыққанын, осы тұрғыда 111 факт тіркелгенін құзырлы органдар жоққа

шығармайды. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымының есебіне сүйенсек, педофилдердің 97-пайызы еркектер құраса, құрбандықтардың 70-75 пайызы жас қыздардан, 15-30 пайызы ұл балалардан тұрады екен. Бұған дейін өңіміз тұрмақ түсімізге кірмеген айуандықтың ең лас түрінен әйелдердің де сау еместігін ақпарат көздері растап отыр [1].

Осы орайда, балаларға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыстардың алдын алу үшін көршілес Ресей Федерациясы өз тарихында алғаш рет Кодексіне "педофил" терминін енгізіп, олардың қылмысы үшін белгіленетін жазаны күшейтуге қатысты заң жобасын қабылдады. Бұл құжатта педофилдерді өмір бойы бас бостандығынан айыру және химиялық жолмен мәжбүрлі түрде ерекетігінен айыру шаралары көзделген. Бұған қоса олар 14 жастан кіші балаларға азғындық жасағандарды шартты түрде соттау жазасын қылмыстық Кодекстерінен алып тастады. Тағы бір айта кетерлігі, Ресей заңында балалар парнографиясын таратқандарды он жылға дейінгі темір торға қамау жазасы да қамтылған.

Ал, біздің елімізде бұл өзекті мәселеге байланысты әлі де болса нақты шешім қабылдана қойған жоқ, ел болашағы балаларымызға жауыздық жасағандар қандай ауыр жазаға болса да лайық десек, біздің басқа елдерден дәл осы мәселедегі тәжірибелеріне сүйенгеніміз артық болмайды деп

ойлаймын.

Мұны айтып отырғанымыз қазіргі уақытта бізде де педофилдерге қатысты заң жобасы дайындалу үстінде. Өйткені бұған дейін елімізде тікелей бала зорлаушыларға қатысты заң болған жоқ. Тек бұл мәселе Қылмыстық Кодекстің 121-124- баптарында ғана қарастырылып келген.

Жоғарада айтқанымыздай, өкінішке орай педофилдер іс-әрекетін телеарналардан екі күннің бірінде еститін болдық. Бұл тұрғыда Парламент Сенатының депутаты Ғани Қасымов қатаң шаралардың біріншісі, өмір бойы бас бостандығынан айыру, екіншісі химиялық кастрация жасау екендігін айтып, "Мен педофилдердің өмір бойы түрмеде отырғанын, шықпағанын қалаймын" деген еді. Сонымен қатар, ол заңмен педофилдерге педагогикалық қызметпен айналысудың жолын мүлде кесу керек екендігін ұсынған болатын [2].

Европалық алдыңғы қатарлы елдердің бірі Чехияда 2000-2009 жылдар аралығында жеткіншектерге қатысты жыныстық қылмысқа барған 300 қылмыскерге химиялық кастрация тәсілі қолданылса, бұл әдіс Швеция, Германия, Дания және АҚШ -тың заңнамаларына енгізілген. Ислам дінінде ертеде балалар зорлықшылары отбасылы болса, таспен атып өлтірілген, ал бойдақтарына 100 дүре соғылған көрінеді [3]. Ислам елдерінде адам зорлағандар қазірде бірден өлім жазасына кесіледі. Мәселен, Сауд Арабиясында бұл қылмысқа барғандардың басы шабылады. Ұлыбританияда педофилдердің балалар мекемесіне баруына заңмен тыйым салынған. Жақында қытай елі интернет арқылы парнография таратушыларға қатаң жаза тағайындады.

"Әр елдің салты басқа" демекші, мысалы, АҚШ -тың кейбір штаттарында педофилді көлігіне қарап тануға бодады екен. Қалай десек, олардың көлік нөмірлері бір түсті болып келеді екен. Сонымен қатар, кей штаттар бала зорлықшылары үйлерінің сыртына "Мұнда педофил тұрады" деген тақтайшаны ілу арқылы жұртшылықты одан сақтандыру әдістерін қарастырыпты. "Адам аласы ішінде" демекші, педофилдерді сырт тұлғасына қарап ажырату мүмкін емес. Бұл тұрғыда мұндай шаралардың талай сұмдықтың алдын алары анық. Ақпарат көздеріне жүгінсек, мамандардың көпшілігі педофилдерді емдеудің аса қиындығын, яғни, жалпы мүмкін еместігін айтады. Сондықтан балалар құқығын қорғау арқылы заңнамаларға бұл қылмысқа барғандар екінші рет мүлде қайталай алмайтындай жаза енгізген дұрыс.

Заң ғылымдарының докторы, академик С.Сартаев: "Педофилдердің бәрін аяусыз жазалау керек. Мен заңға балаға жыныстық сипаттағы зорлық көрсетушілерді еркектігінен айыру жазасын енгізуді қолдаймын. Оларға бұл жазаны қолданбайынша, адамның жанын түршіктіретін қылмыстың түрін ауыздықтай алмаймыз. Ондай қылмыскер ешқашан түзелмейді, қайталай береді. Сондықтан олардың бәріне айтып отырған жаза әбден лайық. Ал, өмір бойы бас бостандығынан айыруға келер болсақ, мұндай қадамды таңдаудың қажеті жоқ. Өйткені, оларды қамасақ, біріншіден, тамақтандыруға, киіндіруге, күзетуге міндет аламыз. Одан қайта кастрация жасап жіберейік. Сонда, олар масыл болмай өздерін өздері асырайды" [4].

Ғ.Жайлин заң ғылымдарының кандидаты, профессор: "педофилдік әрекеттердің де неше түрі бар ғой, ауырлық дәрежесіне қарай жаза тағайындалады. Балалармен жыныстық қатынасқа барғаны дәлелденсе, оны еркектік қабілетінен айыру керек. Бізде өлім жазасына мораторий жарияланған. Сондықтан, баланың өміріне балта шабушыларды өмір бойы қапаста ұстау жазасы да құптарлық, бірақ химиялық кастрация жасаған дұрыс қылмыстық Кодекс талаптарына басқа жаза түрлері сай келмегендіктен, осы екі жазаның бірі ауырлық дәрежесіне орай белгіленгені жөн деп ойлаймын" [5].

Бүгінде ақпарат құралдары жиі қолданатын педофил деген гректің "сәби", "махаббат" деген сөзінен алынған екен. Бірақ, бұл махаббаттың күнәсіз сәбиге деген ата- ана мен үлкендердің кіршіксіз сезімінің ерекшелігі сол, ондайлардан кәметке толмаған балаларды көргенде көздері қызарып, жыныстық жақындыққа, жәй жақындық емес ар-ұятынан мүлдем айырылған арсыздыққа барғысы келіп тұратындығында болса керек.

Бұл жайындағы берілген медициналық анықтамаға көңіліміз толмайды, өйткені педофил дегенді "жыныстық қатынасқа байланысты психикалық ауытқушылық" деп баға беретін ғылым, олардың әрекетін анау айтқандай қоғамға соншалықты қауіпті деп санамайтын сияқты. Психологтар мен дәрігер мамандардың пікіріне сүйенсек, балаларды зорлап қылмыс жасап жатқандардың көпшілігі арақ ішіп мас болған немесе жүйкелері жұқарған адамдар. Ал, педофилдердің балаларға еш зияны жоқ. Рас, олар түрлі жолдармен балалар мекемелеріне қызметке орналасып, солармен жақын жүргілері келеді, түрлі сөздер айтып, оларды нәпсіқұмарлыққа тартады, бәрі сонымен бітеді, яғни, олар балаларға көп зиянын тигізбейді.

Психология ғылымының негізін салушылардың бірі өткен ғасырдағы ірі ғылым Зигмунд Фрейдтің бұл жөніндегі пікіріне сенсек, "баланың еркін қолына беріп, мүлдем тыйым салмау қажет, ойына не келсе, соны жасасын, қатарластарымен бе, болмаса ересек адамдармен жақындаса ма, оған көңіл бөліп қажеті жоқ. Бүгінгі медицина, психология саласы ғалымдарының да бұл мәселе жөніндегі түсініктері де сол психологияның атасы З.Фрейдтің ұстанымынан алыстап кетпеген сияқты. Олар педофилдерді ауру деп қабылдаса да, қылмыскер деген пікірге мүлдем қарсы. Солай бола тұрса да, олар педофилдерді дерттерінен жазу өте қиын дегенді мойындайды. Өкінішке қарай, мұндай дертке шалдыққандардың көбі өзін аурумыз деп санамайды және емделгілері де келмейді екен.

Жыл өткен сайын қатары қалыңдап бара жатқан педофил дегендер туралы жалпы қоғам қандай пікірде. Белгілі саясаткер Ғ.Қасымов ондайлар жайлы "қарапайым халық толық ақпарат алып отыруын қамтамасыз ету қажет" деп санайтындығын айтты. "Яғни, олар жұмыс істейтін ұжым мүшелері, олар тұратын үйі тұрғындары кіммен бірге қызмет ететіндігін, көрші тұратынын біліп отыруы қажет. Мұның өзі ата-аналарды сақтық шараларын қолдануға итермелеп, қылмыстың алдын алуға септігін тигізеді", деп санайды сенатор.

Еліміздің болашағы ертеңгі ел тізгінін ұстайтын

бүгінгі балалар десек, оларға құмарын қандыратын құрал сияқты қасқырша қарайтын және сұмдығы сол, уақыт өткен сайын көбейіп келе жатқан, дәрігерлердің өздері мойындап отырғандай, жазылмайтын дертке ұшыраған педофил дегендердің арсыздықтарына тосқауыл қойылмаса, бесіктен белі шықпай жатып зорлыққа ұшырап, психикалық соққы алған жастардың бүтін бір ұрпағы өсіп жетілері анық. Бала кезінен психикалық ауыр соққы алған жаны жаралы мұндай жастар елімізді қандай күйге жеткізбек?

Осы арада бір кезде орыстың ұлы ағартушысы Н.Чернышевский қойған "не істеу керек?" деген сауалды өзімізге қойып көрейікші. Заңды қатаңдатып, азғындарды аластайық немесе арсызды мал сияқты тарттырып жіберейік, олар тұратын пәтерлердің есігіне "бұл үйде педофил тұрады" деп айқайлатып жазып қояйық, осындай жолдармен педофилдерден арыла аламыз ба?

Ең алдымен, "педофил" деген азғындар қайдан шықты, деген мәселені зерделеп алып, содан кейін барып оған қарсы шара қолданған жөн деп ойлаймын. Рас, сонау кеңес заманында да кемелетке толмағандары зорлайтындар болды, бірақ дәл бүгінгідей белең алып кеткен жоқ. Бұрындары "қыздарға қырық үйден тыйым салынғаннан" ба, үйінде отырып бала туу немесе еркектердің отбасынан безуі болған емес, оның бәрі оларға тумасынан салт -сана арқылы берілген болатын. Бүгінде сол салт -сананың бірі жоқ.

Теледидар, ғаламтор арқылы келген шетелдік "жабайы махаббаттарды" насихаттайтын картиналар жастар түгілі үлкендердің де санасын улап бітті. Алдымен, тәндерін ақшаға сататын жезөкше қыздар шықты, содан кейін гомосексуалдар, лесбианкалар деген азғындар бой көрсетті, енді міне, әйелдер мен қыздарды қойып, бесіктен белі шықпаған сәбилерге ауыз салатын арсыздар қатары да көбейіп келеді.

Мұның бәрі ұлттық тәлім тәрбие мен салт санамыздан, дінімізден қол үзуден туындап отырған кеселдер екендігі даусыз. Ендеше, оның жолын кесетін тәсілді заңды қатайту, ондайлар жайлы жұртты ақпараттандыру сияқты шаралардан ғана емес, бүгінде жоғалтып алған құндылықтарымызды қайта жаңғыртудан іздеген жөн болар еді.

Дегенменде, осы мәселеге қатысты өз ұсынысымды жасауды жөн көріп отырмын:

-Үкімет криминологиялық және криминалистикалық ғылымның соңғы жетістіктерін, сондай-ақ шетелдік озық тәжірибені ескере отырып, балаларды зорлықпен жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеу мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіруі жөнінде тезірек шаралар қабылдауы керек;

-Балаларды зорлық әдістерін қолдану арқылы жасалатын жыныстық қатынастардан қорғау мақсатында қоғамдық орындарда, мектептерде және балабақшаларда бейнеқадағалау желісін кеңейту, жасалған зорлық әрекеттері есепке алынған деректер банктерін құру арқылы қоғам мүшелерін ақпараттандыруды дамыту;

-Балаларға қатысты жыныстық зорлықтың алдын алу жұмысына жұртшылық пен халықты кеңінен тарта отырып, олардың алдын алудың мемлекеттік жүйесін құру.

Әдебиеттер:

1. Заң газеті № 11. 12.01.2012 ж
2. Ғ.Қасымов. Балаларға қатысты жыныстық зорлық- әлеуметтік мәселе. Астана. 2012
3. М.А. Сарсембаев. Халықаралық құқықтық қатынастар тарихы. Астана. 2010
4. С.Сартаев. Ұлт болашағы- жастар қолында. Алматы.2008
5. Заң газеті № 24. 16.02.2012 ж

ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ

УДК:330.567.25

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӨМІР ӨНДЕУ ӨНДІРИСТЕІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МҮМКІНДІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ

**Ахметова А.Б. тауартану
және сертификация кафедрасының магистры**
*Қазақтұтынуодағы Қарағанды
экономикалық университеті, Қарағанды қ.*

Шарттардың бірі болып табылатын бәсекеге түсе алатын Қазақстан экономикасының жасаулары қайта өңдейтін индустрияның меншікті салмағының өсуі оның құрылымының әбден жетілдіруі бағытында болып келеді және олжамен салыстырғанда тиімділік жоғары деңгейлі және минералдық шикізатты сөндіру дәстүр бойынша болады. Экономиканың бәсекеге түсе алатындығының жоғарылауының басқа шарты елдің жеке құрылымдық бөлімшелерін тиімділіктің жоғарылауы болып табылады.

Электрэнергетиканың орнықты жұмыс жасауы және елдің тау-металлургиялық кешені үшін көмір өнеркәсібін дамытуы халыққа Н.А.Назарбаевтың Қазақстан республикасының

Президенті жолдауында [1] бірінші кезектегі есептердің санына орнатылған.

Технологиялық жаңалықтарының қолдауының жаңа қағидаларына қазіргі инновациялық - технологиялық саясатының құрастыруы өткізілетін реформаның еліндегі анықтайтын элементі болып табылады. Технология қоғамның дамытуына тиімді ықпал ету үшін ғылымның қазіргі шарттарында экологиялық қауіпсіздік, әлеуметтік адекваттылықты және өнімнің биік орнықты бәсекеге түсе алатындығын қамтамасыз ету үшін біржола ғылымға арқалануы керек.

Көмірдің өңдеу бойынша шетел тәжірибесі негізінде үлкен перспективалар көмір Қазақстан саласындағы технологиясының [2-5] әбден

жетілдіруін ашады. Болып жататын озық өзгерістер Қазақстан республикасының минералдық шикізатын кешенді өңдеу бойынша Ұлттық орталық осы РМКмен арналған бақылауда болады. Көмір өнеркәсібіндегі инновациялық қызметін мыналарға бағыттауы керек:

- минералдық шикізатты шығаруға шығынды олжа және құнның төмендетуі табыс үшін қазіргі және жаңа өндірістік кешендердің жасауы жаңғыртуының жоғары деңгейі;
- құнның ақшасына көлік шығындарының бір уақыттағы кішірейтуімен сапалық деңгей көп жолда шикізат өнімінің аудармасы бар елінің аумағындағы шикізат қорлардың қайта бөлісуін тым тереңірекпен қамтамасыз ету;
- шахталық метанның ұстауға және қолдануы бойынша технологияны дамыту;

- жасалатын көкжиектердің тереңдігінің үлкеюі бар еңбекшілерінің қауіпсіздігінің қамтамасыз етуі бойынша технологиялардың енгізуі және іске асырулары.

Аймақтық экономиканың инновациялық потенциалының зерттеулері бойынша негізінен, өткізілген [6-7] ғалымдармен өрлеудің қазіргі техникалық талаптарынан Қарағанды облысының көп кәсіпорындарының техникалық - технологиялық деңгейінің күшті артта қалушылығын атап өтуге болады. Аймақтық экономиканың индустриалды ядросы ескіріп бара жатқан технологиялық құрылыстарда үшінші қамтып көрсетуге және жасаушы салалардың бір қатары көбінесе, (1-ші кесте) төртінші ұрпақтарды жасалатын көкжиектердің тереңдігінің үлкеюі бар еңбекшілерінің қауіпсіздіктерін қамтамасыз етеді.

1-ші кесте - Орталық Қазақстанның өнеркәсібінің технологиялық құрылымы

Сала	Технологиялық құрылыс		
	үшінші	төртінші	бесіншісі
Көмір өнеркәсібі	0-10	90-100	-
Энергетика	30-40	60-70	-
Түсті металлургия	-	90-100	0-10
Қара металлургия	20-30	70-80	-
Машина жасау	30-40	60-70	-

Кәсіпорындар инновациялық потенциалдың құрылымын, кәсіпорынның қызметінің

инновацияларының қарама-қайшы негізгі түрлерін қарап шығу керек (сурет 1)



1-ші сурет - көмір кәсіпорынының инновациялық потенциалының құрылымы

Инновациялық қызмет талғаулы сипат алады. Ол зерттеу кезеңдердің қайсысы болса да инновациялық процессте - өңдеу - өндіріс - (іс жүзінде қолдану) таратуғана емес, ол, патенттер, лицензиялардың алуын процессте, ноу-хауды ашылу, пайдалы идеялар ғыс та іске аса алады.

Сандай, инновациялық потенциал негізгі көрсеткіштер жүйені пайдалана бағалауға ұсынынады:

- еңбекшілердің санындағы бос емес инновациялық қызметімен мамандардың сан анықталатын зияткерлік потенциалы;

- (патенттер, ноу-хау және тағы басқалар) инновациялар бойынша істелген ғылыми-техникалық жұмыс ;

- жаңа жабдық және аспаптың меншікті салмағы, жаңа технологиялардың санында;

- төлей алатын сұраныс қолданылатын сервис қызметтерінің бар болуы;

- қызметтің жаңа түрлерінің атқарылатын жұмыстардың көлеміндегі меншікті салмақ.

Ғылыми-техникалыққа және көмір саласындағы инновациялық саясатын мыналар ескереді:

- көмір өнімінің сапасының жоғарылатуы бойынша шараларды өңдеу және жүйені енгізуі (көмірлердің тұтынуының түрлері бойынша сапаның стандарттарының тиесп қойылатын көмірлердің сапаны бақылауын халықаралық қамтамасыз ету жүйені, анықтауына өткелді қоса, сапаның халықаралық стандарттарының кәсіпорындарында өнім сертификациясының ұйымы);

- үздіксіз және циклдік әсердің жоғары өнімді тау - көлік техникасының тілулерін көмір қазатын өндірістің азу техникалық қайта жабдықтауы, жабдықтауды қоса, соның ішінде көмір Қабаттарының таңдаулы өңдеуі, жаңа техникалық деңгейдің механикаландырылған кешендерінің ұзын тазартпа кенжарларындағында басымды қолданумен циклді - тасқынды және тасқынды технологияның енгізуі, жер астындағы көмір олжаны технологияның дамытуын қамтамасыз ету үшін, сонымен бірге үздіксіз әсердің комбайндарының қолдануы бар қысқа ұңғылы техникасы және көмірдің тасымалдауының жүрісті құралдары, шахталық метанның өнеркәсіптік тазартуын техникалық қамтамасыз ету;

- 50 пайыздарға дейін 100 пайыздар және (басқа бурыл) энергетикалық көміріне дейін кокстаушы көмірдің сөндіруін көлемнің үлкеюі;

- сұйық көмірсутектерді алуы бар жұмсақ пиролиз және экологиялық таза қатты отынның негізі, көміртекті желілер, сульфуголь, таза энергия жұқтырушыдағы көмірлердің терең өңдеуді технологиясының енгізуі;

- өндіріс және көмір отынының тасымалдауы, көмірлер және олардың қалдықтарының газификациясы үшін өңдеуді және қор сақтаушы технологиялар және жабдықтың енгізуі сөндіруден кейін;

- көмір Қабаттарының тиімді газсыздандыруы үшін жаңа технологиялардың өңдеуі және жабдықтар;

- бәсекеге түсе алатын отандық кен өндіру техниканың жасауын бағдарламаның өңдеу және іске асырулары.

Жер астындағы әдістің кокстаушы көмірлерінің

олжасының жанында өте сапалы және бәсекеге қабілетті металлургиялық кокстің өндірісі үшін КЖ және К маркаларының қажетті байланысы және шихта қамтамасыз ететін бәсекелесе алатын көмір Қабаттарының жан-жақты зерттеуге бағыты қабылданған.

Ашық әдістің энергетикалық көмірлерін олжаның жанында күрделі - құрылымдық Қабаттардың таңдаулы жан-жақты зерттеуін қолданылады.

Көмірдің өндірілетін және қойылатын тұтынушысы сапаны жақсарту бойынша шаралар жиынтығын ескереді:

- байыту фабрикаларында Қарағанды көмір хауызының кокстаушы көмірлерінің сөндіруі;

- өндірілетін (Екібастұз және хауыздар, Шұбаркөл туған жерінің Майкубенскийі, Каражыра) энергетикалық көмірлерді селекцияның тереңдігінің үлкеюі;

- жылу электростанция қойылатын энергетикалық көмірлерді ортақ шамалы (хауыздар, Шұбаркөл туған жері, Каражыра, Қушоқы, Борлы Екібастұз және Майкубенскийі);

- қабат өртеуі және (хауыз, Каражыра, Борлы, Қушоқының туған жерінің Майкубенскийі) тұрмыстық мұқтаждықтарға үшін энергетикалық көмірлерді іріктеу, сұрыпталған көмірінің жабдықтауы;

- алудың мақсатынан экологиялық таза тұрмыстық отынның майда фракцияларының брикеттеуі.

Қазақстан республикасындағы энергетикалық қорлардың потенциалының дамыту және толықтыруы, сонымен бірге олардың технологиялық орнын толтыруы көмір туған жерлерінің кешенді өңдеуімен едәуір дәрежеде байланған.

Біріншіден, демек, көмірдің дәстүрлі өндіру тәсілдері - (шахталық) жер асты, ашық (тілулермен) әдіс, сонымен бірге құрамалы, олардың жұмысының қауіп-қатерімен адамдардың забойында тұрақты қатысумен байланған. Екіншіден, үлкен қауіп-қатер газ шығарындыларын ұсынады және атмосфераға, сонымен бірге тұқымды үйінді және ауылшаруашылық айналымнан топырақтарының көтерілуі. Бұдан басқа, бұл көмір туған жерлерінің қазу тәсілдері үлкен Трудовоелер және заттық шығындармен, тау-кен жұмыстарының жүргізуді қауіпсіздігінің аласа деңгейі, экологиялық апатқа ақырында келтіре алған қоршаған ортаның түбегейлі ластануымен байланған.

Бұл мәселелер (тағы басқалар Қарағанды, Екібастұз, Торғай хауыздары) Қазақстан республикасының көмір және көмір туған жерлерінің өңдеуі үшін әсіресе көкейкесті.

Көмірлер Қазақстан республикасында кокс айыру және энергетика үшін дәстүр бойынша қолданылады. Сонымен бірге, олар басқа бағыттарда, дәстүрлі емес те қолданыла алады. Бұл ең алдымен сұйық және газ сияқты синтетикалық отынның алуы үшін көмірлерге, шикізат ретінде жатады. Синтетикалық мұнайды алу үшін көмірдің мәні әсіресе ұлы.

Перспективадағы үлкен мән көмірлерді иемдене алады, түтінсіз отынның алуы, Газа және жартылай кокс айыруды әдістің шайырлары үшін жарамды. Көмірлердің қолданулары маңызды бағыт, Антрациттер ең алдымен, электрод және

футерлеу бұйымдары, сорғыштар, карбидтар, графит және сульфугольдерді өндіріс болып табылады. Бурыл және тотығылған тас көмірлер азметаморфизделген өнеркәсіп саласы және ауыл шаруашылықтарын көпшілігінде қолданылатын гумин препараттарының өндірісі үшін жақсы шикізат болып табылады.

Ерекше мән тағы басқалар иттри, вольфрам сирек және алаңғасар элементтердің көмірлер, болатын өнеркәсіптік шоғырландырулары Германияға галли алады. Кейбіреулер улағыштық болып табылады - тағы басқалар сынап, мышьяк, сүрме, берилли.

Үлкен кешені көмбе көмірдің туған жерлеріне аршуда, немесе шатырға, топырақта немесе ішінде көмір Қабаттары да жата ілеседі. Бұл алюминит тотығы бар шикізаттар, ақ балшықтар, саз, карбонат жынысы.

Жан-жақты қолдануы көмір туған жерлерінің өңдеуін тиімділікті жоғарылатуға және экологиялық мәселелердің қатарының шешіміне мүмкіндік туғызуға көмбе бірге болатын көмірлер.

Қазақстан республикасының аумақтарына көмірлердің түбегейлі қорларында болады, жер бетіндегі және жер астындағы газификация үшін жарамды.

Петрографиялық құрам бойынша да, газификациялар үшін, генераторлық газдың өндірісі, Қазақстан республикасының барлық дерлік туған жерлерінің көмірлері үшін жарамды.

Метанның үлкен масштабпен өнеркәсіптік қолдануының перспективасы бағыты тау-кен жұмыс дұшар болмаған шахталық өрістерге оның олжасы болып табылады.

Қарағанды көмір хауызы бойынша метанға өткізілген іздестіру - бағалау жұмыстар, көмір мұрын қалыңдықтарды газ шығатынды бағасы бар жинағы Қарағанды хауызының геологиялық Құрылысы, жыныстардың кез-келгеншісінің зерттеуі және метанның қорларының анықтауымен 1500 м тереңдікке дейін көмір Қабаттарындағы метанның жиынтық қорлары 490,468 млрд. м құрайтынын көрсетті.

Оларды (1800-2000 м) көмір Қабаттарының (Қарағанды, Шерубай - көмір мұрын аудандар Нұра және Тентекский) Қарағанды хауызындағы таратуларын толық тереңдікке метанның қорларының бағасының жанында 600-650 м млрд. құрай алады.

Метанның олжасының іске асырулары мақсаттардағы Талдықұдық және Саранның бөлімшелерінің төменгі көкжиектерінің көмір Қабаттарынан метанның олжасының перспективалылығының алдын ала геолог - экономикалық бағасы бар екі бөлімшесі жете

талқыланған. Бөлімшедегі көмір Қабаттарының метанының шамаланған қорлары Талдықұдық 28 млрд. м3, Саранның бөлімшесі төменгі көкжиектерінде 26 миллиардтарды құрайды.

Метан бағдарлама бойынша шеңберінде өткізілген жұмыстар Қарағанды, Саранның және Шахтинск аудандары бойынша құртылған шахталардың өрістерінде газ бөлігітіктің картасы 2001-2004 жыл ішінде құралған, осы өлкелермен арналған метанның қорлары есептеп шығарылған.

Талдықұдық және Саранның, сонымен бірге Майқұдықтың құртылған шахтаны шахталық өріс және Қазан төңкерістің 50 жасқа толу тойының бөлімшелер метанның олжасының жобаларының іске асырулары үшін жер пайдаланудың инвестициялық алу тіліндегі программаларының жарысына қосылған.

Көмірдің терең өңдеудің төңірегіндегі әр түрлі көмірлердің химия потенциалының өте толық қолдануының мақсатымен өңдеулер созылады. Қаражыраның Шұбаркөл туған жері және тілудің көмірлерінен тұрмыстық брикеттердің алуы үшін термохимиялық өңдеудің тәжірибе-өнеркәсіптік технологиялары жасалған.

Әдебиеттер:

1 Назарбаев Н.А. К конкурентоспособному Казахстану, конкурентоспособной экономике, к конкурентоспособной нации: Послание Президента народу Казахстана. //Казахстанская правда. Астана, 19.03.2004.

2 Даукеев С.А., Ужкенов Б.С., Есекина Б.К. и др. Природные ресурсы и экология Казахстана на рубеже XXI века. Кокшетау. 2000

3 Концепция развития угольной промышленности Казахстана до 2020 года, одобренная постановлением Правительства Республики Казахстан от 28 июня 2008 года № 644. - Астана, 2007. - 41с.

4 Малышев Ю.Н., Зыков В.М. Будущее угольной промышленности. "Уголь" N 11, 1997 г.

5 Буткин В.Д., Демченко И.И. Проблемы переработки и комплексного использования Канско-ачинских углей. Горная промышленность. - 2001. - №1

6 Сальжанова З.А. Инновационно-технологическое развитие промышленности Казахстана (теоретические и методологические аспекты), Караганда, 2002, 276с.

7 Алимбаев А.А., Таубаев А.А. Формирование и развитие национальной инновационной системы. - / Сб. научных трудов: Проблемы устойчивого экономического развития в условиях глобализации. Том 1. - Алматы: ИЭ МОН РК, 2003. - 400 с.

УДК 336.5:622.276

Өңірлік инновациялық жүйені дамытудың стратегиялық мақсаттық базасы

С.Б.Байбосынов PhD докторант

Қазақтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Қарағанды қ.

XX ғасырдың 90- шы жылдарынан бастау алған өңірлік инновациялық жүйе тұжырымдамасының қалыптасуы мен жедел танылуының өсуі өңірлік

экономиканы дамытудың дәстүрлі үлгілерінде байқалған кемшіліктер мен жетіспеушіліктер, әлемдік нарықтағы күшті бәсекелестік күрестің

қарқын алуымен тығыз байланысты.

Экономикалық-әлеуметтік жағдайды өркендету мен дамыту, оның ішінде экономиканың нақты секторларын дамыту мемлекеттің алға қойып отырған міндеттерінің бірі. Осы тапсырманы шешуде мемлекетпен ұлттық инновациялық жүйе құру, үдемелі индустриалды-инновациялық даму, инновацияларға қолдау жасау деген сияқты бағдарламалар жасалғаны белгілі. Бірақ, мәселе республикалық көлемде қабылданып, қолданысқа еңгізілген шараларға қарамастан экономикалық

тұрғыда нақты ілгерлеу қарқын алмай отырғаны байқалады. Осы жағдайда өңірлік деңгейде нақты шараларды қолға алыну керектігі және нақты қолдаудың қажеттілігі арта түсуде. Жоғарыда аталған мемлекеттік шаралардың тиімді жүзеге асырылуының және оның өз деңгейінде орындалуының ұтымды механизмі бұл өңірлік инновациялық жүйені құру және дамыту.

Өңірлік инновациялық жүйені құру мен дамытудың стратегиялық базалық мақсатын төмендегі 1 суретте келтірілген.



Сурет1 Өңірлік инновациялық жүйенің стратегиялық мақсаттық базасы

Еуразия идеясын ұсынушы және оны іс жүзіне іске асырылу мүддесін қорғаушы басты тұлға Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың пікірінше: "XX және XXI ғасырлар тоғысында нақты тарих жағдайында Еуразия тұрғысында ойлауларым келесідей ұстанымдарға негізделген.

Біріншіден, мәдениет пен өркениет факторларының маңыздылығын жоғалтпай, мен интеграцияны бәрінен бұрын экономикалық прагматизм негізінде құруды ұсындым.

Интеграциялық процестердің басты қозғаушысы - геосаяси идеялар мен жалаң ұрандар емес керісінше нақты экономикалық қызығушылықтар.

Сондықтан болашақ Еуразиялық Одақтың түпқазығы - Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК) халықтардың кең көлемді аумақта біртұтас сәтті дамуының көрінісі болмақ.

Екіншіден, ең бастысы интеграциялық үрдістердің еркін болуының жақтаушысы болып қала бермекпін. Әр мемлекет және қоғам жаһандану әлемінде өмір сүріп жатқанын түсініп, біртұтас кеңістікке түсінісе отырып ұмтылулары керек. Еркін интеграция халық пен мемлекеттің қызығушылықтары негізінде құрылса, бұл өркениет пен өркендеуге деген қысқа жол болмақ.

Үшіншіден, Еуразиялық Одақ теңдік қағидалары ұстанылатын, бір-бірінің ішкі ісіне араласпайтын, егемендік құрметтелетін және мемлекеттік шекараға қол сұғушылық болмайтын негізде құрылатын мемлекеттер бірастығы болуы

керек.

Төртіншіден, нақты және өзіне тән өкілеттіліктері бар, өзара келісім негізінде, әр қатысушы мемлекеттер қызығушылықтарын ескеретін Еуразиялық Одақтың ұлттық деңгейден жоғары органы құрылуын ұсынамын. Бірақ бұл саяси егемендіктен бас тарту дегенді білдірмейді. Европалық одақты құрудың тәжірибесінде осы қағидалар сәтті интеграциялық әріптестік орнатуға негіз болды"[1].

Экономикалық даму және сауда министрі Қ.Н.Келімбетовтің келтірген мәліметі бойынша "2011 жылдың 9 айының көрсеткіші бойынша Қазақстан мен өзге де Кедендік одаққа қатысушы елдер арасындағы тауар айналымы 17,8 млрд. АҚШ долларын құрап, 2010 жылдың қаңтар-қыркүйек айларымен салыстырғанда 46,2 % өсім көрсеткен"

Кедендік Одақ Еуразия идеясын жүзеге асырудағы нақты қадам болғаны және осы одақ аясында бәсекелестік қаблетті арттырып, инновация негізделген күшті экономика қалыптастыруы тиіс[2].

"Қазақстан Еуразия аймағындағы жолдардың түйіскен торабында орналасқан географиялық жағдайымыздан туындайды. Бүгін біз осы арнаны аймақтағы басқа елдермен ынтымақтаса отырып және әлемдік қоғамдастықтық қолдауымен қалпына келтіре бастадық. Сөз жоқ, келешекте Еуропа мен Азия арасында сауда, қаржы ағысы жүйесі мен адамдардың көші-қоны ұлғая түседі.

Бізбен шектес кез келген ел тәрізді Қазақстанның жеке өзі де тиімді транзиттік

әлеуетін іске асыра алмайды. Мұны бірлесе, тығыз әрі өзара тиімді ынтымақпен жасау қажет

Ауқымдану және ғылыми-техникалық прогресс процесі, әсіресе жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың дамуы біздің аумақты, әрі аз қоныстанған еліміз үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады. Алайда біздің осы процестермен қатар адымдайтынымызға ешкім кепілдік бере алмайды. Демек, осы технологияларды ұғыну, олардың біздің қоғамымызға толық кіруіне қол жеткізу, ғылыми-техникалық кадрларды қолдау маңызды"[3].

Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру шеңберінде мынадай шараларды жүзеге асыру көзделеді:

- инновациялық инфрақұрылымның қазіргі бар базалық элементтерін: ғылыми және білім беру мекемелерін дамытуды қолдау;

- перспективалы өңірлерде және мыналардан тұратын орталықтар бар пилоттық өңірлік инновациялық жүйелер (ӨИЖ) құру:

- ұзақ мерзімді перспективада елді ұстанымдау тұрғысынан Қазақстан үшін өзекті тақырыптар бойынша білім беру-инновациялық кешендері мен аймақтардан: (өнеркәсіптік әзірлемелерден, минералдық шикізатты кешенді пайдалану мен қайта өңдеу технологиясынан; ауыл шаруашылығы саласындағы әзірлемелерден; химиялық және биологиялық технологиялардан; экология мен баламалы энергия көздері саласындағы әзірлемелерден; медициналық әзірлемелерден; ядролық технологиялардан; ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардан; ғарыштық зерттеулерден; әскери-өнеркәсіптік технологиялардан; тұрмыста пайдалануға арналған әзірлемелерден);

- бизнес-технологиялық кешендерден: олардың ұлттық немесе өңірлік мәртебесін айқындау өлшемдерін әзірлей отырып, технологиялық парктен, бизнес-инкубаторлардан және өңірлік технологиялар трансферті орталықтарынан;

- инновациялық қызметті қолдау кешендерінен;

- ӨИЖ ішінде жоғарыда аталған кешендер арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;

- оны құруды және дамытуды ынталандыратын шаралар мен тетіктерді пысықтау есебінен бәсекелі инновациялық бизнес орта құру; құрылған және өзін оң жағынан танытқан инновациялық инфрақұрылым объектілерін басқа өңірлерде тарату ғылыми-техникалық секторда алынатын өнімдерді нарықтарға жылжытуды қамтамасыз ететін тұтас жүйені қалыптастыра отырып, жетіспейтін буындар құру және дамыту[4].

Инновациялар және білімдер экономикасы осы заманғы әлемдік экономиканың негізіне айналып келеді, сондықтан, әлемдік дамудан қалыс қалмау үшін Қазақстан алдыңғы қатарлы технологиялық әзірлемелерді ел ішіне табысты енгізу және сыртқы нарықтарға жылжыту үшін инновациялардың дамыған өңірлік орталығына

айналуға тиіс.

Қазақстанның мынадай салаларда инновациялық әзірлемелерді әзірлеуге және сыртқы нарықтарға жылжытуға мүмкіндігі бар:

- өнеркәсіптік әзірлемелер, минералдық шикізатты кешенді пайдалану және қайта өңдеу технологиялары;

- ауыл шаруашылығы саласындағы әзірлемелер;

- химиялық және биологиялық технологиялар;

- экология және энергияның баламалы көздері саласындағы әзірлемелер;

- медициналық әзірлемелер;

- ядролық технологиялар;

- ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар;

- ғарыштық зерттеулер;

- әскери-өнеркәсіптік технологиялар.

Ұстанымданудың осы бағыты шеңберіндегі негізгі міндет бұрын елден кетіп қалған ғалымдар мен әзірлеушілерді, сондай-ақ көршілес елдерден мамандарды тарта отырып, білім беру-инновациялық, бизнес-технологиялық және қолдаушы кешендерді біріктіретін өңірлік инновациялық жүйелерді (ӨИЖ) құру болады.

Елдің ұстанымдануының жоғарыда аталған бағыттары экономикалық әлеуетті және халықты таратып орналастыруды кеңістіктік ұйымдастыруды қалыптастыру үшін негізге айналады, екінші жағынан, тиімді кеңістіктік даму әлемдік нарықта елдің бәсекеге қабілеттілікке мамандануға қол жеткізуінің аса маңызды құралына айналады[5].

2010 жылы қабылданған 2014 жылға дейінгі ғылым, инновация және технологиялық модернизацияны дамыту бағдарламасында өңірлік инновациялық жүйе қалыптастырушы факторлардың бірі білім генерациясы жүйесінің негізін құра отырып, болашақта нақты секторда технологиялық көшбасшылыққа ұмтылу мақсаты көзделген. Сондай-ақ осы бағдарлама аясында бірнеше отандық өңірлік инновациялық жүйелерді құру мен қолдаудың бір тетігі ретінде инновацияның өңірлік кеңселерін құру туралы айтылған[6]. Бірақ бағдарламада нақты осы кеңселер туралы жан-жақты түсінік берілмеген және оларды құру тәртібі мен функциясының айқындалмаған. Жоғарыдағы суретте бұл мәселеде өңірлік орталық немесе кеңес құруға болатындығын және оның функциясына теориялық тұрғыдан нақты көрсетуге тырыстық.

Өңірлік инновациялық жүйені қалыптастыруда Қазақстан Республикасының Президентінің тапсырмасына орай қабылданған "Үдемелі индустриалды-инновациялық даму жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған" бағдарлама да стратегиялық мақсатта қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Мақсаты - әртараптандыру мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы экономиканың орнықты және теңгерімделген өсуін қамтамасыз ету.

Бағдарламада көзделген нұсаналы индикаторларының сегізінші пунктінде "жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар санынан инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі 10 %-ға дейін ұлғаяды" деп көрсетілген[7]. Статистикалық

агенттігінің дерегі бойынша инновация саласындағы белсендік 2010 жылы 4,3% құрап отырғанын ескерсек, бұл саланы бағдарлама

шеңберінде жандандыру бағытындағы жұмыстар ӨИЖ дамытуға қолайлы жағдай туғызады (1 кесте).

1 кесте. Инновацияны дамыту және технологиялық модернизацияны қолдау

№	Атауы	өлшем бірл.	2008 факт	2009 факт	2010	болжам											
						2011	2012	2013	2014								
1	Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар санынан инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі 10 %-ға дейін ұлғаяды	%	4	4	4,3	4,8	6,8	8,8	10								
2	Халықаралық деңгейде мойындалған патенттер санының ұлғаюы	Бірл.	1	-	17 Еуразиялық	5	10	20	30								
3	2014 жылға енгізілген жаңа технология мен тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелердің (ТКӘ) санын сәйкесінше 200 және 160 дейін ұлғайту	Бірл.	10	6	7 технология	30	70	130	200								
					2 патент 25 ТКӘ	30	60	100	160								
4	2014 жылға дейінгі кезеңде бар инновациялық инфрокұрылымдарды қалыптастыру және дамыту:																
										салалық орталықтар – 2	1	1	-	1	1	-	-
										конструкторлық бюро – 4	-	1	2	1	1	1	1
										технопарктер – 4	2	1	-	-	-	2	2

Әзірленген: <http://www.mint.gov.kz/index.php>

